

«Ата Зан – кемел келешектін кепілі»

Тәуелсіз Казакстаннын түнғыш Конституциясынын

кабылданғанына 20 жыл

Ешкім де мін тага алмас елдігіме!
Дауласып жармаспайды белдігіме.
Бойында Ата Заннын оріліп түр
Даламнын кендігі де, тендігі де!

Бағынған оз занына жумыр галам,
Сондықтан Күннен Жерім суынбаган.
Когамнын сан саласын реттейтін
Әрбір зан Ата Заннан туындаган.

Болғанмен бұл Омірде айлан күшті,
Ел үшін кім тындырар қайран істі?!
Еліннін дамуы мен дағдарысы
Ол-дагы Ата Занга байланысты!

Нұр шашқан жас ұрпактын ұғымына,
Тікелей әсер еткен ұмырына
Айналды Ата Заным мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттін түғырына!

Біздің кітапханамыздың тифло залында Тәуелсіз Казакстаннын түнғыш Конституциясынын кабылданғанына 20 жыл толуына байланысты 28 тамыз күні кітапхана оқу залында сағ. 11.00-де «Ата Зан – кемел келешектін кепілі» атты мерекелік кеш болып отті. Әдеттегідей кітапханага I-II-ші топтагы ага буынды және «Үміт»

мектеп-интернатының оқушылары жиналды.

1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз ҚР тұңғыш конституциясының негізгі заңы қабылданды да, 1995 жылы 30 тамызда біздің қоғамымызда өзгерістерге, жаңа талаптарға сай толықтырылған жаңа Конституциясы өмірге келді. Қазіргі Ата Зан 98 баптан, 9 бөлімнен тұрады. Бұл күнде ата Заңымыз өз күшінде. Бәріміз де Ата Заңға бағынып, соның баптарымен жүруіміз керек. Ата Заңда айтылғандай, адам – мемлекеттің басты байлығы. Адамның құқығы мен міндеті Заңда толық көрсетілген. Тек соны әркім өз білгенінше, өз қалауынша жүрмей, жауапкершілікті орындауға міндетті. Өзіміздің ойшылдарымыз Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би және Абай Құнанбаев та адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаған. Адам дүниеге келгеннен кейін, оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын, біздің мемлекетіміздің Ата Заңы – Конституция қорғайды.

Біздің еліміздің ең алғашқы Конституция негізін қалаушы – Қорқыт бабамыз. Ол кісінің конституциясы «Адат» деп аталады. Ол мынадай негізгі баптардан тұрған: Атамекенді Жерұйық деп білу, оны жаудан қорғау, жер суды белгілі тәртіппен пайдалану, дау жанжалды ақылмен шешу, кінәліні жазасыз қалдырмау.

Аруна – Бұл құжат еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бас болуымен қабылданды.

Бастайтын болашаққа бас кемеңі,
Осы жол халықтың да нәсікері!
«Халқыма адалмын!» деп Ата Заңға
Елбасы қолын қойып ант береді.

Ата-бабаларымыз сан ғасыр арман еткен Егемендігімізге қол жеткізіп, бүгінде өзіміздің Ата Заңымыз бар, біз бақытты ұрпақпыз. Конституцияны білу, заңды білу біз үшін міндет сияқты. Себебі, заңды білмесең, өз құқығыңды қорғай алмайсың.

Ата Заң. Азаттығыңды айқындайтын, Тәуелсіздігіңді паш ететін, Егеменді ел екеніңді танытатын, дербес мемлекеттіңді көрсететін қастерлі құжат.

Ата Заң. Азаматтың арқа сүйер алтын арқауы. Біздің бүкіл тыныс-тіршілігіміз, өмір салтымыз, қоғамның тамыр бүлкілі – барлығы сол Заңнан бастау алады.

«Ата Заң – кемел келешектің кепілі»

Авторлар: Super Administrator

09.09.2013 00:00 - Жанартылған 09.09.2013 11:23

Ата Заң. Өрбір азаматтың конституциялық құқығын танытатын, әр қазақстандық бұлжытпай орындайтын заңдардың темірқазығы.

Ата Заң. Дүние есігін ашқаннан бастап, басын құбылаға қарағанға дейінгі уақытта сенің құқыңды сақтайтын, құр сореде жатпайтын баталы заң.

Кітапханамыздың оқырманы жеке кәсіпкер І-топ қозғалысындағы Сыздықов Жұманәлі Мұсаұлы 7 заңгер заңдардың үл-қыздарына қайырымдылық шара өткізіп, оларға мектепке керекті қажетті заттармен қамтамасыз етті. Оқырмандар іс-шарадан үлкен өсер алып, жақсы көңіл-күймен тарқасты. Мерекелік іс-шараға БАҚ өкілдері «Хабар» телеарнасымен «Оңтүстік Қазақстан» және «Қызмет» газеттерінің тілшілері келді.

Тифлосектор кітапханашысы

Абжаппарова Л.А.